

**МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай балабақшасында 2025-2026 оқу
жылдарына арналған «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы»
Ата-аналармен жоспарына сәйкес желтоқсан айында
ұйымдастырылған іс-шараға**

Анықтама

Ата-аналармен жұмыс жоспары аясында «**Бөбек**» ортаңғы қазақ тобында Жаңа жыл мерекесіне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – тәрбиеленушілерге мерекелік көңіл-күй сыйлау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ата-аналар мен білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастықты нығайту және балалардың Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін кеңейту болды.

Мерекелік шараға тәрбиеленушілер, ата-аналар және педагогтер белсене қатысты. Балалар арнайы дайындалған мерекелік бағдарлама бойынша тақпақтар оқып, әндер орындап, би биледі. Сонымен қатар ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен қызықты көріністер қойылып, түрлі ойындар мен көңілді сайыстар ұйымдастырылды. Балалар өз өнерлерін көрсетіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Іс-шара барысында ата-аналар балалардың өнерлерін тамашалап қана қоймай, түрлі ойындар мен байқауларға қатысып, мерекенің көркін аша түсті. Бірлескен іс-әрекеттер балалар мен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, көтеріңкі көңіл-күй қалыптастырды.

Мерекенің ең қызықты сәттерінің бірі – Аяз ата мен Ақшақардың келуі болды. Балалар Аяз атаға тақпақтарын айтып, әндерін орындап, оның сыйлықтарына ие болды. Бұл балаларға ерекше қуаныш пен ұмытылмас әсер сыйлады.

Жаңа жылдық мерекелік іс-шара барысында балаларға достық, мейірімділік, сыйластық және татулық сияқты адамгершілік құндылықтар насихатталды. Ата-аналар ұйымдастырылған шараға жоғары баға беріп, өз алғыстарын білдірді.

Қорытындылай келе, Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қойылған мақсат-міндеттер толық орындалды. Мереке балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, ата-аналар мен білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ықпал етті.

